

Хаттама №3

18.03.2022 жыл

Қатысқаны: 20

Қатыспағаны: 5

Ата-аналармен күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Оқу-тәрбие жұмысындағы ІІ тоқсанның жетістігі. Мониторинг.
2. 22-наурыз-Ұлыстың ұлы күні.
3. Көктем кезінде су тасқыны, қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы ата-аналарға мәлімет беру.

Тыңдалды:

Топ тәрбиешілері аналарды, 22-наурыз мерекесімен құттықтады. Бірінші мәселе бойынша, тәрбиешілері балалардың ІІ тоқсан жетістігімен таныстырды, мониторинг көрсеткіші бойынша әр баланың деңгейіне тоқталып өтті. Балалардың алғашқы оқу жылына қарағанда, деңгейі біршама көтерілген, яғни балалар өз еркімен киінуді, киімдерін ұқыпты етіп жинастыруды, сәлемдесуді, қоштасуды үйреніп, жақсы-жаман қасиеттердің ара жігін ажырата алуды меңгерді. Қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау нормаларын үйренді. Өзінің атын, тұрмыстық заттар мен жануарлардың аттарын атайды. Тақпақтарды, қысқа өлеңдерді жатқа айтады.

Екінші мәселе бойынша, топ тәрбиешілері ата-аналарға көктем

22-наурыз-«Ұлыстың ұлы күні» мерекесіне де балалардың ертеңгілік іс-шарасы болатынын және де балаларды ұлттық киімдермен әкелу керектігін тәрбиеші айтып өтті. Балалармен бірлесіп билеп, өнер көрсетеді.

Үшінші мәселе бойынша, Көктем кезінде су тасқыны, қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы ата-аналарға топ тәрбиешілері толық мәлімет берілді. Айшуақ, Балуса, Балдырған тобының ата-аналарына ескертіліп, демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігіне толықтай ата-ана жауапты екені ескертілді.

Қаулы:

1. Топ балаларымен одан әрі қарай да жұмыс жасалсын.
2. Әр бала мерекеге сәйкес киіндірілсін.
3. Қауіпсіздік ережелері қатаң сақталсын.

Меңгеруші: _____

Әдіскер: _____

Хатшы: _____

Оспанова Е.Т

Бекишева М.А

Абаева М.А